

«Ұлы қазына – жақсы кітапхана»



**Темирбаева Куралай Хабибуллакызы БҚО, Орал қаласы, Д.Қонаев атындағы
№44 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.**

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады. Кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ.

Кітапхана — оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылады.


Қоғамымыздың дамуы ақпараттың кең тарауымен, мәдениет мәйегін халыққа тереңдетіп түсіндіру мәселелерімен тиянақтай түседі. Осындай маңызды істерге оты өшпеген қара ошақтай, қараңғы түнде алдан жарқыраған жарық сәуледей жол нұсқайтын осы – кітапхана. Рухани тарихын, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын таңуда кітаптың берер көмегі ұшан теңіз. Ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсарин атамыз: «Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар» деп алдағыны көрсеткендіктен болжаған. Мұндағы «шамы» тұңғыық терең білім мен ғылым болса керек. Осынау білім деген шамның жарқырай түсуі үшін кітаптың және жинақталар жері – кітапхананың қашанда тұғыры биік болуы тиіс. Өмірде бар нәрсе өзгереді, алайда кітапхана ғана халық қажетіне жарап, ғасырлар бойы жасамақ. Осы құндылығымыз ешқашан жоғалмай келешек ұрпақ асыл қазынамыздан нәр алып, сусындай берсе, білім қорының жинақталар жері – кітапхананың қашанда тұғыры биік болары сөзсіз.

Заманауи әдіс-тәсілдер білім беру жүйесін жаңарту және дамытуды ғана емес, кітапхана жұмысында қолдану арқылы оқырмандардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Қазақстан Республикасы "Білім туралы" заңында: "Білім беру жүйесінің міндеттері жеке адамды қалыптастыру, сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану керек" - деп

атап көрсеткендей, қазіргі кезде әрбір кітапханашының алдына қойған басты міндеті - заманауи әдіс-тәсілдерді үнемі жетілдіріп отыру және меңгеру болып табылады.

Сол себепті де кітапханамен тығыз байланыста болып, оқушыларды көптеген шараларға қатыстыру арқылы оқушыларымыздың шығармашылық қабілеттерін шыңдаймыз.

Оқырмандармен жүргізілетін жеке жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін мынадай үш топқа бөліп қарауға болады.



Қаламыздағы қалалық, облыстық кітапханалармен тығыз байланыс жүргізудеміз. Оздырылып жатқан барлық шараларға қатысып та оқушыларымыз жеңімпаз атануда. Атап жазар болсам, Хакім Абайдың 175 жылдығына, Қадырдың 85 жылдығына орай ұйымдастырылған облыс деңгейіндегі байқауларға оқушыларымыз қатысып жүлделі орын алып, Орал-Қазақстан арнасына шақырылып, «Күншуақ» бағдарламасына да қатысқан болатын. Олар: Өтеулі Абылай, Аманғали Гүлфия, Мухтарова Румина атты шәкірттеріміз болатын-ды.

Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар кітапханасы татар жазушысы Абдулла Тоқайдың 135 жылдығына орай өткізген халықаралық мәнерлеп оқу және әдеби эссе жазу байқауларына да 7, 8, 10-сынып оқушыларымыз қатысып, жеңімпаз атанды.

Мектебіміздегі кітапхана да заман талабына сай безендіріліп, көптеген жобаларымыз да іске қосылды. Кітапхана жұмысының тынысы үнемі әлеуметтік желілерге жарияланып отырады. Жұмысымызды бағалап, еңбегімізді елеп, оң бағасын беріп отырған оқырмандарымыз да аз емес.